

«ОТЫРАР МЕМЛЕКЕТТІК АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ МУЗЕЙ-ҚОРЫҒЫ» РМҚК

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша семинар-кеңестің

№01 ХАТТАМАСЫ

Өткізілген орны: Отырар музейінің мәжіліс залы

Күні: «09» ақпан 2026 жыл

Төраға: Жандосов Айбек Кыстаубаевич – Кәсіпорын басшысы

Хатшы: Әметбекова Арайлым Білімқызы

Қатысқандар: Музей-қорықтың бөлім басшылары және қызметкерлері.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Мекеме қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау, басқару және ішкі талдау жүргізу тәртібі.

Баяндамашы: Музейдің COMPLAINTS офицері, заңгер Әметбекова Арайлым Білімқызы

I. ТЫҢДАЛДЫ:

Баяндамашы А.Б. Әметбекова:

Өз сөзінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілетін ішкі талдаудың құқықтық негіздеріне тоқталды. Қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес, мекеменің «қауіпті нүктелерін» (мемлекеттік сатып алу, кадрлық мәселелер, материалдық құндылықтарды есепке алу) алдын ала айқындап, оларды болдырмау тетіктерін енгізу қажеттілігін атап өтті. Ашықтық пен адалдық қағидаттарын нығайту – ішкі бақылау жүйесін жетілдірудің басты алғышарты екенін жеткізді.

II. СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

Мекеме басшысы А.К.Жандосов:


Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу әрбір қызметкердің кәсіби және адами жауапкершілігі екенін ескертті. Мекеме жұмысында ашықтық пен әділдік қағидаттарының мүлтіксіз сақталуын тапсырды.

III. ТАЛҚЫЛАУ:


Семинар барысында қатысушылар мемлекеттік сатып алу және ұйымдастырушылық үдерістердегі тәуекел аймақтарын талқылап, алдын алу шараларын жүйелеу бойынша нақты ұсыныстар білдірді.

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:

1. Музей-қорықтың комплаенс-офицері мен құрылымдық бөлім басшыларына мекеме қызметінің барлық бағыттары бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жұмыстарын тұрақты жүргізу жүктелсін.
2. Мемлекеттік сатып алу, кадрлық іс-қағаздар және материалдық активтерді басқару саласындағы ашықтықты қамтамасыз ету шаралары күшейтілсін.
3. Барлық қызметкерлер сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және заң талаптарын қатаң сақтау бойынша жауапты екендігі назарға алынсын.
4. Хаттаманың орындалуын бақылау мекеме басшысына қалдырылсын.

Төраға:  Жандосов А.К.

(қолы)

Хатшы:  Әметбекова А.Б.

(қолы)